

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HVVO5074>**К. Б. Жаксылыкова, А. Ж. Үдербаев**

Сәтбаев университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы

ГЕОДЕЗИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ АББРЕВИАЦИЯ ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ

Ұсынылып отырған мақалада геодезия және онымен сабақтас салалар терминдерінің аббревиация арқылы жасалу мәселелері қарастырылады. Аббревиатуралық лексика қазіргі техникалық сала терминологиясының сөздік құрамының ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені ғылым мен техниканы дамытудың қазіргі кезеңі қарым-қатынаста барыниша қысқартылған атаулардың қолданылуын талап етеді. Тәжірибеде қысқарту сөзжасамның күрделі әрі өнімді тәсілі болып табылады, өйткені терминдерге қойылатын жинақылық және тұтастық талаптарына жауап береді. Геодезия және онымен сабақтас салаларда терминдер ретінде көбінесе үш, төрт және кейде одан да көп компоненттерден тұратын күрделі сөздер қолданылады. Алайда, бастапқы әріптің төрт және одан да көп компоненттерімен қысқартулар үш компонентті қысқартулардан әлдеқайда аз. Жаңа қолданыстардың көпшілігі көп компонентті болғандықтан оны аудару, баламасын табу және қолдану да ыңғайсыз. Тілдік қатынас барысында әдетте қысқартылған түрде қолданылатын күрделі терминдер кейін мамандардың күнделікті қолданысында дағдыға айналады. Осылайша, мақалада түсінудегі белгілі бір қиындықтарға қарамастан, аббревиатуралар үнемді, ыңғайлы, түсінікті және мамандар арасындағы өзара түсіністікке, сондай-ақ геодезия және онымен сабақтас ғылымдар терминдерін одан әрі дамытуға ықпал ететіні баяндалады.

Кілтті сөздер: салалық терминдер, аббревиатура, қысқартулар, күрделі терминдер, компоненттер, үнемдеу.

Кіріспе

Инновациялық инженерлік білім берудің құрамдас бөлігі болып табылатын геодезия саласы бүгінде қарқынды дамуда, соған сай қазақ тіліндегі терминологиялық жүйесі де қалыптасып, жетіліп келеді.

Қазақстан Республикасында геодезиялық және картографиялық қызмет 1991 жылдан бастап, Қазақ КСР Президентінің Жарлығына сәйкес одақтық

бағыныстағы барлық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер Қазақ КСР үкіметінің қарамағына көшкеннен басталады. Бұл кезеңде сала алдында геодезиялық-топографиялық және картографиялық қамтамасыз етудің қол жеткізілген деңгейін сақтау ғана емес, сонымен қатар жаңа жағдайларға бейімделу міндеті тұрды [1]. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының аумағында «Геодезия және картография туралы» ҚР Заңы және бірқатар заңға тәуелді актілер бар.

Еліміз егемендік алған кезеңнен бастап республиканың инженерлік салалары бойынша, оның ішінде «Геодезия және картография» бағыттары бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті сапалы ұлттық мамандарын даярлауға баса назар аударыла бастады. Бұл жағдай өз кезегінде геодезист мамандарына сапалы білім беру үшін оқу үрдісінде қолданатын қазақ тіліндегі оқу стандарттары мен бағдарламаларын дайындау қажеттігін тудырды. «Геодезия және картография» бағыттары бойынша оқулықтар мен оқу құралдары құрастырылып, дайындалды. Кез келген саланың дамуы, оның басты ұғымдары мен терминдерінің қалыптасып, қолданысқа еркін енуімен байланысты екені белгілі. Елімізде ұлттық геодезия саласын дамыту талабына сай осы салаға қатысты кәсіби ұғымдар мен терминдер біртіндеп мемлекеттік тілде қолданысқа еніп, түсіндірме, қос тілді сөздіктері дайындалып, шыға бастады. Геодезия және картография салалары бойынша алғашқы сөздік (Русско-казахский словарь по геодезии. – Алматы, 1991) ғалым С. Сарыбатыровтың авторлығымен жарық көрді [2].

Кейін «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Геология, геодезия және география. 20-том. – Алматы, 2000. – 352 б.; «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: География және геодезия». – Алматы, 2007. – 264 б.; «Геология, геодезия және география. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік». – Алматы, 2014. – 450 б. т.б. сөздіктері баспадан шығып, оқу үрдісінде кеңінен қолданылып келеді [3–5]. Бұл аталмыш сала бойынша ғылыми терминдердің біршама жүйеге түскенінің дәлелі.

Жоғарыда аталған сөздіктердегі геодезия саласы терминдерін зерделеп, саралау барысында аталмыш сала бойынша терминдердің әр түрлі жолмен жасалғаны байқалады. Сөздіктердегі геодезия саласында кездесетін терминдерге тән бір құбылыс – ол терминдердің екі, үш, төрт сөздің сыңарынан тұратын тіркестер және бірігу, күрделі сөздер түрінде берілуі. Терминдердің ішінде, бір сыңары шеттілдік сөзден тұратын екі сөзден тұратын тіркесті терминдер, бір немесе екі сыңары шеттілдік сөзден тұратын үш сөзден тұратын тіркесті терминдер, бір немесе екі сыңары шеттілдік сөзден тұратын төрт сөзден тұратын тіркесті терминдер. Сонымен қатар,

алдыңғы сыңары аэро-, космо-, гео-, фото-, стерео-, изо- сияқты сөз алды тұлғалардың қазақ сөздерімен бірігіп жасалған терминдер кездеседі.

Қазақ тіл білімінде жаңа атаулар мен қысқарған сөздер, олардың жіктелуі жайындағы еңбектерге жасалған қысқаша шолу нәтижесі жалпы техникалық салалардың, соның ішінде геодезия, ғарыштық геодезия, картография салалары бойынша лексикалық инновациялардың қысқару арқылы жасалуы мәселесінің ғылыми тұрғыда толық зерттеліп, қарастырылмағанын көрсетеді. Бұл жағдай аталмыш мәселені ұсынып отырған мақаланың арқауы ретінде алып қарастыруға мүмкіндік беріп отыр.

Зерттеудің нысаны: геодезия терминдерінің аббревация тәсілі арқылы жасалуы.

Зерттеудің пәні: аббревация тәсілі арқылы жасалған геодезия терминдері.

Мақсаты: Кейінгі жылдардағы қазақ лексикографиясының жаңа өнімдеріндегі, ғылыми-техникалық әдебиеттер, оқулықтар мәтіндеріндегі жалпы техникалық салалардың, соның ішінде геодезия және онымен сабақтас ғарыштық геодезия, картография салалары бойынша арнаулы лексикалық бірліктерді жинақтап жүйелеу, біріздендіру және жасалу жолдарын айқындау, лексикалық бірліктердің қысқару арқылы жасалуы мәселесін ғылыми тұрғыда зерттеп, қарастыру.

Міндеттері:

- қазақ тіл білімінде жаңа атаулар мен қысқарған сөздер, олардың
- жіктелуі жайындағы еңбектерге қысқаша шолу жасау;
- геодезия және онымен сабақтас ғарыштық геодезия, картография
- салалары бойынша оқулықтар мәтіндерін зерделеп, терминдердің аббревация тәсілі арқылы жасалу жолдарын анықтау.

Материалы және әдістері: Геодезия және онымен сабақтас салалар терминдерінің аббревация тәсілі арқылы жасалу жолын анықтау үшін материал ретінде жоғарыда аталған 2014 жылғы шыққан терминологиялық сөздік [5] және Сәтбаев Университетінде, жоғары техникалық оқу орындарының оқу үрдісінде қолданылып жүрген геодезия және онымен сабақтас ғарыштық геодезия салалары бойынша сөздіктер мен оқулықтардың, оқу құралдарының мәтіндері негізге алынды.

Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы әдістер, компоненттік, концептуалдық талдаулар, түсіндірмелер тәрізді тілдік материалды жүйелеу, жаңа сөздерді, жинақтау, классификациялау, сөздік мақалаларды, дефиницияларды біріздендіру, талдау және т.б. әдістер қолданылды. Лексикографиялық еңбектерден, ғылыми әдебиеттерден, оқулықтар мен оқу құралдарынан сөздерді белгілеу, классификациялау, жинақтау, сөздік мақалаларды, дефиницияларды біріздендіру, талдау және т.б. басты тәсілдер жүзеге асырылды.

Нәтижелер және талқылау: Аталмыш мақалада одан әрі геодезия және онымен сабақтас ғарыштық геодезия, картография салалары терминдерінің аббревиация тәсілі арқылы жасалуын сөз етпес бұрын жалпы қазақ тіл білімінде осы мәселенің зерттелуіне, оның төңірегінде айтылған ғалымдардың ой-тұжырымдарына қысқаша тоқталып көрейік.

Қазіргі заманауи терминологиялық жүйелердің ерекшелігі – қысқартулардың көп болуында. Геодезия саласындағы терминологиялық жүйені жаңа лексикалық инновациялармен толықтыру жолдарының бірі – аббревиациялар болып табылады. Елімізде болып жатқан әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге, жаһандану үрдісіне бет бұру жағдайына сай ғылым мен техниканы дамытудың қазіргі кезеңі қарым-қатынаста барынша қысқартылған номинациялар құралдарын қолдануды талап етеді. Әртүрлі техникалық салаларда, сонымен бірге, геодезияда терминдер екі, үш, кейде одан да көп компоненттен тұрады, көпшілігі тілдік қатынаста қолдануға қиын және ыңғайсыз болғандықтан тәжірибеде аббревиатуралық лексиканы қолдану ұтымды екендігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Салалық ғылыми-техникалық терминологияда сөздердің өнімді тобын қысқарту немесе қысқарым (аббревиатура) тәсілі құрайды. Қазақ тілінде тілдегі ықшамдау заңдылығына байланысты сөздерді қысқартып алу ертеден бар. Сонымен қатар бұл әлем тілдерінің барлығына да тән құбылыс. Әрине, тілдің бұл заңдылығы ғылым тілінің түрлі салаларына қатысты әр тілде түрліше көрініс тауып жатады. Тілде аббревиатуралардың пайда болуы да осы ықшамдау заңдылығымен тікелей байланысты. Яғни, аббревиация тілдегі үнемділікті қамтамасыз етудің бір тәсілі.

Сөз табына қатысы тұрғысынан аббревиатуралар негізінен заттық ұғымдарды білдіретін зат есімдер. Бірнеше сөзден құралып, сөздердің тіркесуі арқылы жасалған түрлі ұғымдардың атаулары ықшамдалып, қысқарады да жаңа лексикалық инновациялардың пайда болуына негіз болады.

Ғалым Р.Сыздықованың пайымдауынша, «Жаңа қолданыстардың елеулі көзі болып табылатын аббревиациялар мен қысқартулар техникалық салада жаңа сөзжасам сипатындағы құбылыс екені сөзсіз, бұл – қазақ тілінде орыс тілінің тікелей ықпалы арқылы пайда болған амал, дәлірек айтсақ, таза калька құбылысының көрінісі» [6, 251].

Қазіргі заманауи терминологиялық жүйелердің ерекшелігі – қысқартулардың көп болуында. Дегенмен, әртүрлі қысқартулардың қарқынды жасалуы қазіргі кезеңдегі қазақ геодезия терминдері дамуының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Сондықтан бұл құбылысты оңтайландыру жолдарының бірі – коммуникация үрдісінде ақпаратты беру кезінде тілдік ресурстарды үнемдеуге деген ұмтылыс. Мұнда көп компонентті терминдер айтарлықтай қысқарады да, нәтижесінде жаңа лексикалық

инновациялар пайда болады. Тиімді, үнемді коммуникацияны қамтамасыз ету үшін салалық терминдердің біразы қысқартылады. Дегенмен бұл үрдістің өзіндік кері ықпалдары да бар. Мысалы, осының нәтижесінде қысқартылған терминді түсінуде және оны аударуда қиындықтар туындауы да мүмкін. Демек, аббревиатураны дұрыс түсінуді қамтамасыз ету үшін, коммуникация процесінде дәлсіздікті немесе түсінбеуді болдырмау үшін, дұрыс аудару үшін осы құбылысты мұқият зерделеу қажет.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы «Біздің терминологиялық лексикамыздағы сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдердің үлес-салмағы әзірге статистикалық тұрғыдан дәл көрсетілген емес. Дегенмен, кейбір арнаулы салалардың терминдер жүйесін зерттеген еңбектердің нәтижесіне қарағанда, қазақ терминологиясында да көп сыңарлы терминдердің аз болмайтыны байқалады» деген тұжырым жасайды [7, 134].

Аталмыш пікір ұсынып отырған мақалада қарастырылатын геодезия саласында мольнан кездесетін көп сыңарлы терминдерден аббревиатуралар арқылы жаңа инновациялық лексиканың жасалуы мәселесіне де қатысты. Ғылыми-техникалық терминжасамда біріккен сөздерден, қос сөздерден, сөздердің көп сыңарлы тіркестерінен жасалған терминдер мольнан кездеседі. Мұнымен қатар, қазақ тіліндегі екі немесе үш түбірдің бірігуі арқылы жасалған терминдер де кездеседі. Терминжасамда кеңінен қолданылып жүрген қосарлау арқылы сөз жасау – қазақ тілінде бұрыннан бар тәсіл. Сондай-ақ, ғылыми-техникалық терминологияда сөздердің біраз тобын қысқарту (аббревиатура) тәсілі құрайды.

Сөздердің қысқару тәсілі арқылы жасалуы мәселесі жайында біраз мақалалар мен ғылыми еңбектер де жарық көрді. Мысалы, ғалым Н.Алдашев өзінің зерттеу еңбегінде қысқарымдарды мынадай топтарға бөледі: сыртқы тұлғасы бойынша топтасқан қысқарымдар; жасалу жолдары бойынша топтасқан қысқарымдар; әдеби тілдегі орны бойынша топтасқан қысқарымдар деп атап көрсетеді [8, 14–16].

Терминолог ғалым Ш. Құрманбайұлының жіктеуінше «Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған зат есімдер жасалу жолына қарай төрт топқа бөлінеді:

1 Әріптік қысқарымдар. Екі немесе одан да көп сөздер тіркесімінен құралған күрделі атаулар құрамындағы сыңарлардың басқы дыбыстарынан құралған қысқарымдар. Мысалы, АҚ (акционерлік қоғам).

2 Буындық қысқарымдар. Күрделі атаулар сыңарларының негізінен басқы буындарынан құралған қысқарымдар: Мысалы, Терминком – терминологиялық комиссия.

3 Аралас қысқарымдар. Күрделі атауларды құрайтын сыңарларының басқы буындары мен бастапқы дыбыстарынан құралатын қысқарымдар. Яғни, сөз тудырудың мұндай жағдайында қысқарған сөз жасаудың екі түрлі

тәсілі де, әріптік және буындық қысқарту да пайдаланылады. Мысалы, ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті.

4 Жартылай немесе ішінара қысқарымдар. Бұл қатарға буындық қысқарымдар мен толық сөздердің бірігуінен жасалған сөздер жатады. Күрделі атауды құрайтын сөздердің бәрі буындық қысқарымға ұшырамай, жартылай немесе ішінара қысқартылып, өзгелері сол қалпында қысқарған сөз құрамына енетін қысқарым түрі. Мысалы, мембағдарлама – мемлекеттік бағдарлама» [9, 11–13].

Тәжірибеде екі-үш, төрт-бес компоненттен тұратын күрделі ғылыми ұғымдар атаулары, саланың өзіне тән тілдік оралымдар нақтылы бір саланың мәселесі қозғалған ғылыми мәтінде, ғалымдар мен мамандардың кәсіби қатысымы кезінде қайта-қайта қолданылып жататыны сөзсіз. Осылай күрделі ұғымдардың толық атауын қайталап қолдана беру ғылыми мәтіннің де, ғылыми қатынастың да түсініктілігін, ұғынықтылығын қиындатады. Сол себептен де жалпы ғылыми тілде, ғылым мен техниканың әр саласының метагiлiнде күрделi атаулардың ықшамдалған нұсқаларының жасалуы, олардың жиi қолданылуы ғылым тiлiнiң икемдiлiгiн қамтамасыз ету қажеттiлiгiнен туындаған деуге негiз бар. Қазiргi ғылыми әдебиеттердi, оқулықтар мен терминологиялық сөздіктердi қолға алсақ, қай саладан да қысқарған атауларды көптеп кездестiруге болады. Мысалы, ХҒҚ – Халықаралық ғарыш қызметтерi, ЖЖС – Жердiң жасанды серiктерi.

Қазiргi заманғы геодезия терминдерi, жалпы әдеби тiлдiң ең жылжымалы, икемдi және тез өзгеретiн салалық тiлдерiнiң бiрi бола келе, өз құрамында мазмұны жағынан жаңа ұғымдарды (ЖҚЗ – Жердi қашықтан зондтау), сондай-ақ тiлде бар ұғымдарды (ДҚ – деректер қоры) беретiн тиiстi күрделi терминологиялық бiрлiктер мен сөз тiркестерiн қысқарту жолымен жасалған жаңа көптеген терминдердi бiрiктiредi. Өртүрлi қысқартулардың қарқынды жасалуы қазiргi кезеңдегi қазақ геодезия терминдерi дамуының өзіне тән ерекшелiктерiнiң бiрi болып табылады.

Геодезия және онымен сабақтас ғарыштық геодезия, картография салалары бойынша жарық көрген сөздіктер мен оқулықтарды зерделей келе, жалпы 1728 термин жинақталып, сараланды, оның ішінде ұлттық терминдердің (жеке сөздер мен сөз тіркестерін қоса алғанда) саны – 534, баламасыз (шеттілдік, кірме) терминдер – 203, екі сыңары да шеттілдік сөзден тұратын тіркесті терминдер саны – 213, гибрид терминдердің жалпы үлесі – 778 сөз құрайтыны анықталды.

Техникалық салада кездесетін гибрид терминдерге тән бір құбылыс – ол терминдердің екі, үш, төрт сөздің сыңарынан тұратын тіркестер және бірігу, күрделі сөздер түрінде берілуі. Сондықтан, көлемі 778 сөзден тұратын гибрид терминдердің ішінде, бір сыңары шеттілдік сөзден тұратын екі сөзден

тұратын тіркесті терминдер саны – 302, бір немесе екі сыңары шеттілдік сөзден тұратын үш сөзден тұратын тіркесті терминдер саны – 236, бір немесе екі сыңары шеттілдік сөзден тұратын төрт сөзден тұратын тіркесті терминдер – 240 сөз. Сонымен қатар, аббревиатура және алдыңғы сыңары аэро-, космо-, гео-, фото-, стерео-, изо- сияқты сөз алды тұлғалардың қазақ сөздерімен бірігіп жасалған саны 253 бірлік. Мысалы, алдыңғы сыңары аэро- – 49 сөз, космо- – 10, гео- – 71 сөз, фото- – 34, изо- – 8 сөз, стерео- – 34, ал аббревиатуралар саны – 47 терминді құрайды [10-14].

Геодезия және онымен салалас ғылыми еңбектер мәтіндеріне жасалған талдау бұл бағыт бойынша жинақталған аббревиатуралық терминдердің жалпы терминнің 2,4 % құрайтынын көрсетті.

Жоғарыда аты аталған ғалымдардың қысқартулар мәселесіне арналған еңбектері мен тұжырымдарын басшылыққа ала келе, геодезия және онымен сабақтас ғарыштық геодезия, топография, картография ғылымдары бойынша аббревиация тәсілімен жасалған терминдер жинақталып, жүйеленді. Геодезия, ғарыштық геодезия, топография, картография ғылымдары бойынша арнайы мәтіндерді зерттеп, талдау лексикалық инновациялар саласындағы қысқартулардың ең көп кездесетін түрлері келесілер екенін көрсетті:

1 Екі-үш компонентті бастапқы әріп қысқартулары:

Тәжірибе көрсеткендей, екі-үш компонентті бастапқы әріп қысқартулары геодезия терминдеріне тән құбылыс және бір және екі компонентті терминдер тілде толерантты, түбегейлі қысқартуды қажет етпейді. Алайда, жаңа екі компонентті бастапқы әріппен қысқартулардың шағын тобы қазақ геодезия терминдерінің сөздік құрамына берік енді: FG – ғарыштық геодезия, FC – ғарыштық сурет, FA – ғарыштық аппарат, OK – орбиталық кешен, FK – ғарыштық кеме және т.б. Бастапқы әріптік қысқартулардың ең өнімді түрі – үш компонентті қысқартулар: ДМҰ – Дүниежүзі Метеорологиялық Ұйымы, ЖЖС – Жердің жасанды серіктері, ЖҚЗ – Жерді қашықтан зондтау, ҰЯО – ұлттық ядролық орталық, ХФС – халықаралық ғарыш стансасы және т.б.

2 Төрт және одан да көп компонентті бастапқы әріп қысқартулары: Төрт және одан да көп компонентті бастапқы әріппен қысқартулар екі-үш компонентті қысқартулардан едәуір аз. Мысалы, ЖРНЖ – Жерсеріктік радионавигациялық жүйелер, ФНЖСЖ – ғарыштық навигациялық жерсеріктік жүйе. Бұл мұндай қысқартулардың айтылу және қабылдау үшін қолайсыз екендігімен түсіндіріледі. Мұндай көп компонентті терминдерден жасалған аббревиатуралар терминдендірілетін ұғымдардың аса маңызды белгілерін бөлу тұрғысынан ыңғайлы, алайда, әріп тіркестері шамадан тыс күрделенген сайын басылған мамандардың ауызша сөйлесуінде қолдануға қиынға соғады.

3 Шет тілдік атаудың бастапқы әрпі, бастапқы буыны түрінде қысқартулары: Жинақталған материалдарға жасалған талдау геодезияда жаңа

бастапқы әріпті аббревиатуралардың ішінде өзге тілдерден енген қысқартулар көлемді екенін көрсетті. Өнеркәсіпте немесе өндірісте кәсіби тілдік қатынас барысында шет тілден енген күрделі терминдер қысқартылып қолданыла келе, кейін мамандар арасында үйреншікті болып кеткені байқалады. Геодезия саласы бойынша жинақталған тілдік материалдар қысқарған атаулардың басым көпшілігі негізінен шет тіліндегі нұсқасының үлгісімен жасалғанын көрсетеді. Мысалы, НАСА – National Advisory Committee for Aeronautics (Ғарыштық аэронавтика жөніндегі Ұлттық басқарма), ENRC – Eurasian Natural Resources Corporation (Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясы). Бұл жағдай көп сөзден тұратын құрама атаулардың сол донор тілдің әрпі, буыны түрінде VDOP, EUREF, SOS, IGS, GPS, DOP т.б. беріліп, қолданылуына әкелгенін көріп отырмыз. Олар геодезияда көбінесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тұлғасында айтылып қолданылады. Дегенмен, әрбір күрделі атаудан қысқартылған нұсқа оның мағыналық тұтастығы, семантикалық бірлігі сақталғанда ғана термин болуға қабілетті.

Геодезия саласының терминқорындағы көптеген аббревиатуралар ағылшын тіліндегі толық атаулардан жасалған, мысалы, DOP (Delution of Precision – дәлдіктің төмендеуі), EUREF – Еуропалық референцтік каркас, HDOP – горизонталь жазықтықтағы екі көлемдік позициялаудағы дәлдіктің төмендеуін ескеретін геометриялық фактор, GDOP – үш көлемдегі позициялау дәлдігін сипаттайтын уақытты анықтау қателігін ескере отырып, геометриялық фактор дәлдігінің төмендеуі, GPS – Global Position System – жаһандық позициялау жүйесі, IDW (Inverse distance weighted) – кері өлшенген қашықтық әдісі, LGS (International GPS Service) – геодинамикаға арналған GPS халықаралық қызметі, GPS (Global Position System) – жаһандық позициялау жүйесі, OTF (Ambiguity fixing on the fly) – ұшудағы арнайы жылдам істеуші әдіс және т. б. аббревиатуралар түрінде алынған. Мұндай қысқартулар геодезияның ғарыштық геодезия саласындағы ағылшын тілінен алынған әріптік аббревиатуралар, олар тәжірибеде ағылшын әліпбиі әріптерінің атаулары бойынша оқылады: IDW– «айдидабли», LGS – «лджизэс», GPS – «джпизэс», OTF – «өутиэфф» және т.б. Әдетте, мұндай қысқартулар жүйелердің, ұйымдар мен мекемелер қызметінің қысқаша атаулары болып табылады.

Атап айтқанда, зерттеу барысында көрініс берген мұндай жағдайлар лексикалық жаңару үрдісіндегі қазақ тілінің терминжасамдық әлеуетінің жаңа мүмкіндіктерінің ашылғанын байқатады. Сонымен қатар, жеке морфемалар ретінде қарастырылатын аббревиатуралар бастапқы күрделі зат есімдер мен сөз тіркестерінің семантикалық уәжділігін сақтайды. Зерттеу бойынша жинақталған нақты материалдар геодезия саласының лексикалық инновациялары арасында мағынасы олардың толық формаларының мәндерінен өзгеше болатын қысқартылған терминологиялық құрылымдар

жоқ деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, тәжірибе көрсетіп отырғандай, жаңа қолданыстардың ағылшын тіліндегі қысқартылған түрін алу біріншіден, мамандар арасындағы қарым-қатынаста ыңғайлы екенін көрсетіп отыр, екіншіден, аббревиатуралық лексикалық инновациялар геодезия терминдерінің одан әрі дамып, толығуына ықпал ететініне дәлел. Сонымен, геодезия саласындағы қазақ тіліндегі қысқартулар терминнің ақпараттық салмағын сақтай отырып, тілдік қатынас құралдарын үнемдеуге болатынын нақты көрсетіп, қазіргі қазақ тілінде ғылымның басқа салалары бойынша да жаңа лексикалық инновациялардың жасалуы үшін материал бола алатынын айқындап отыр.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала 2018–2020 жж. арналған Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) басымдық бағыты бойынша «Геология, геодезия, география бойынша арнаулы лексикадағы инновациялар: біріздендіру және лексикографиялау» тақырыбында орындалып жатқан жоба жұмысы аясында дайындалды.

Қорытынды

Сонымен, геодезия және онымен сабақтас салаларда аббревиация арқылы жасалған терминдер жайында ойымызды түйіндей келе, мынадай қорытынды жасауға болады: біріншіден, тілде аббревиация арқылы қысқартылған жаңа лексикалық инновациялардың пайда болу себептерін қарастыра отырып, қазіргі заманғы ғылым мен техниканың қарқынды даму жайын, тілдік белгідегі ақпараттың шамадан тыс көптігін, уақытты және сөйлеу құралдарын үнемдеуде ұтымдылығын атап өту қажет. Екінші жағынан, аббревиация – бұл сөздің құрылымын, тілдік бірлікті күрделендіруге, күрделі құрылымдарды құруға бағытталған басқасына қарама-қарсы үрдіс. Геодезия саласында қазақ тілінде аббревиатуралық жаңа терминдердің қалыптасуының бұл түрі жалпы техникалық салалардың терминологиялық ішкі жүйесінде кең таралып, болашақта сөзжасамның өнімді түрлерінің біріне айналатыны сөзсіз. Үшіншіден, аббревиация тәсілі арқылы жаңа қолданыстардың жасалып, тәжірибеге енуі мамандар арасындағы қарым-қатынастың жеңіл жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Десек те, келешекте геодезия саласын зерттеп жүрген ғалымдар, осы салада қызмет етуші практик мамандар және қазақ тіл білімі ғалымдары бірлесіп, тәжірибеде ағылшын тіліндегі нұсқасында қолданылып жүрген аббревиатураларды зерделей келе, олардың төл тіліміздегі баламаларын қолданысқа енгізуі қажет сияқты. Ойымызды қорытындылай келе, қазақ тілінің геодезия және онымен сабақтас салалары бойынша терминдерінің аббревиация тәсілі арқылы жасалуы – табиғи құбылыс және болашақта бұл мәселе жаңа бір ғылыми зерттеулердің өзегі болары сөзсіз деп санаймыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Оспанов, Б. С.** Состояние и развитие геодезической и картографической деятельности в Республике Казахстан [Текст] // Журнал «Земельные ресурсы Казахстана». – Алматы, 2006. – № 4 (37). – С. 2–5.

2 **Сарыбатыров, С.** Русско-казахский словарь по геодезии. – Алматы : «Рауан», 1991. – 132 б.

3 Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Геология, геодезия және география. 20-том.– Алматы, 2000. – 352 б.

4 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: География және геодезия. – Алматы, 2007. – 264 б.

5 Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Геология, геодезия және география. – Алматы, 2014. – 450 б.

6 **Сыздықова, Р.** Тілдік норма және оның қалыптануы. – Алматы : «Ел-шежіре», 2014.

7 **Құрманбайұлы, Ш.** Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам. – Алматы, 2005.

8 **Алдашев, Н. М.** Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. Фил. ғыл. дисс. авторефераты. – Алматы, 1996. – 26 б.

9 **Құрманбайұлы, Ш.** Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. – Алматы, 2013. – 296 б.

10 **Құрманбайұлы, Ш.** Қазақ терминологиясы. – Алматы : «Сардар», 2014. – 928 б.

11 Геология, геодезия және география. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Алматы, 2014. – 450 б.

12 Геодезия. Оқулық 2-басылым, толық., өнд. Нұрпейісова М., Рысбеков Қ., Сарыбаев Д., Киргизбаева Г. – Алматы, 2016. – 240 б.

13 Ғарыштық геодезия. Оқулық/Нұрпейісова М. – Алматы, 2012 – 240 б.

14 Қазақ сөздігі. – Алматы : «Дәуір», 2013. – 1488 б.

References

1 **Ospanov, B. S.** Sostoianie i razvitie geodezicheskoi i kartograficheskoi deiatelnosti v Respyblike Kazahstan [Ospanov B. S. State and development of geodetic and cartographic activities in the Republic of Kazakhstan] [Text] // Journal «Land resources of Kazakhstan». – Almaty, 2006. – № 4 (37). – P. 2–5.

2 **Sarybatyrov, S.** Rýssko-kazahskii slovar po geodezii.[Sarybatyrov S. Russian-Kazakh dictionary of geodesy]. – Almaty:«Rauan», 1991.– 132 b.

3 Qazaqsha-orysssha, orysssha-qazaqsha terminologialyq sózdik. Geologia, geodezia jáne geografia. 20-tom [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh terminology

dictionary. Geology, Geodesy and geography]. Volume 20. – Almaty, 2000. – 352 p.

4 Qazaq tili terimderiniń salalyq ǵylymı túsindirme sózdigi: Geografia jáne geodezia. [Industry Scientific Explanatory Dictionary of terms of the Kazakh language: geography and geodesy]. Almaty, 2007. – 264 p

5 Qazaqsha-orysssha, orysssha-qazaqsha terminologialyq sózdik. Geologia, geodezia jáne geografia. [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh terminology dictionary. Geology, Geodesy and geography]. – Almaty, 2014. – 450 p.

6 **Syzdyqova, R.** Tildik norma jáne onyń qalyptanýy. [Syzdykova R. Language norm and its normalization]. – Almaty: «El-Shezhire», 2014.

7 **Qurmanbauly, Sh.** Terminor qalyptastyry kózderi men terminjasam. [Kurmanbayuly Sh. «Sources of term formation and term formation»]. – Almaty, 2005.

8 **Aldashev, N. M.** Qazirgi qazaq tilindegi qysqarǵan sózder. Fil. ǵyl. diss. avtoreferaty. [Aldashev N. M. Abbreviated words in the modern Kazakh language. Phil. science. diss. Autoabstract]. – Moscow: Higher school, 1996.

9 **Qurmanbauly, Sh.** Qazaq tilindegi qysqarǵan sózder. [Kurmanbayuly Sh. K., Truncated words of the Kazakh language]. – Almaty, 2013. – 296 P.

10 **Qurmanbauly, Sh.** Qazaq terminologiasy. [Kurmanbayuly Sh. Kazakh terminology]. – Almaty : «Sardar», 2014. – 928 P.

11 Geologia, geodezia jáne geografia. Qazaqsha-orysssha, orysssha-qazaqsha terminologialyq sózdik. [Geology, Geodesy and geography. Kazakh-Russian, Russian-Kazakh terminology dictionary].-Almaty, 2014. – 450 p.

12 Geodezia. Oqýlyq 2-basylym, tolyq., ónd. [Geodesy. Textbook 2nd Edition, Full., background]. Nurpeisova M., Rysbekov K., Sarybayev D., Kirgizbayeva G. – Almaty, 2016. – 240 P.

13 Ǵaryshtyq geodezia. Oqýlyq [Space Geodesy. Textbook] / Nurpeisova M. – Almaty, 2012. – 240 P.

14 Qazaq sózdigi. [Kazakh dictionary]. – Almaty : «Daur», 2013. – 1488 P.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

К. Б. Жаксылыкова, А. Ж. Удербаяев

Образование терминов геодезии способом аббревиации

Сатпаев Университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

К. В. Zhaxylikova, A. Zh. Uderbayev

Formation of geodesy terms by abbreviation

Satbayev University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 10.12.20.

В предлагаемой статье рассматриваются проблемы, связанные с образованием терминов геодезии и смежных с ней отраслей на основе аббревиации. Аббревиатурная лексика является неотъемлемой частью словарного состава терминологии современной технической сферы, так как современный этап развития науки и техники требует применения наиболее сокращенных названий в общении. На практике сложный способ сокращения словообразований является продуктивным, так как отвечает требованиям компактности и целостности, предъявляемым к терминам. В геодезии и смежных с ней отраслях в качестве терминов чаще всего используются сложные слова, состоящие из трех, четырех и иногда более компонентов. Однако сокращения с четырьмя и более компонентами начальной буквы значительно меньше, чем трехкомпонентные сокращения. Большинство новых лексических инновации являются многокомпонентными, поэтому их перевод или найти им эквиваленты, также использование неудобно. Но, тем не менее, в процессе языкового общения сложные термины, используемые в сокращенной форме, затем постепенно становятся более привычными среди специалистов. Таким образом, несмотря на определенные трудности в понимании, аббревиатуры экономичны, удобны и способствуют взаимопониманию между специалистами, а также дальнейшему развитию терминов геодезии и смежных с ней наук.

Ключевые слова: сокращения, сложные термины, аббревиатура, экономия.

The article deals with the problems of formation of geodesy terms and related industries on the basis of abbreviation. The abbreviation is an integral part of the dictionary of modern technical terminology, since the modern stage of the development of science and technology requires the use of shorter names in communication. In practice, a complex method of shortening word formations is productive, since it meets the requirements of compactness and integrity imposed on terms. In geodesy and related industries, complex words consisting of three, four, and sometimes more components are most often used as terms. However, the reduction with four or more components of the initial letters is significantly less than the three-component reductions. Most new applications are multicomponent, so they are inconvenient to translate or use alternatives. In the process of language communication, complex terms used in abbreviated form then become more common among specialists. Thus, despite certain difficulties in understanding, abbreviations are economical, convenient and promote mutual understanding between specialists, as well as the further development of geodesy terms and related sciences.

Keywords: abbreviations, complex terms, abbreviations, economy.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz